



**Қытай–Қазақстан бірлескен қашықтан зондтау технологиялары
және оларды қолдану зертханасының
2026 – ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
және
Қашықтан зондтау технологиялары мен оларды қолдану бойынша
«Орталық Азия — Қытай» І симпозиумы
(Бірінші ақпараттық хабарлама)**

Алматы, Қазақстан, 2026 жылғы 26–29 маусым

Қытай–Қазақстан бірлескен қашықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану зертханасы (RST&A) 2024 жылғы 27 наурызда ресми түрде ашылды. Зертхана әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытай Ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтымен бірлесіп құрылған және «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық үшін маңызды алаңы болып табылады.

Зертхананың негізгі қызмет бағыттарына қашықтан зондтау технологиялары мен геоақпараттық жүйелерді қолдану, соның ішінде Орталық Азия экожүйелері мен қоршаған ортаны бақылау, климаттың өзгеруіне бейімделу, сондай-ақ жер ресурстарын басқару жатады. Зертхана өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ғылыми-техникалық қолдау көрсетуге бағытталған. Академиялық алмасуды одан әрі дамыту және өңірлік әрі халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында зертхана **2026 – Жыл сайынғы ғылыми конференциясы мен Қашықтан зондтау технологиялары мен оларды қолдану бойынша «Орталық Азия — Қытай» І симпозиумын** өткізеді.

КОНФЕРЕНЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ:

Қашықтан зондтау – Орталық Азияның орнықты дамуының факторы: аридтік аймақтардағы экологиялық мониторинг және бірлескен инновациялар

КОНФЕРЕНЦИЯ СЕКЦИЯЛАРЫ

Авторлар төмендегі бағыттар бойынша баяндамалардың тезистерін ұсынуға шақырылады.

1. Экожүйелер мен қоршаған ортаны қашықтықтан зондтау
2. Климаттың өзгеруі және аридті аймақтар
3. Ауыл шаруашылығы және су ресурстарын бақылау
4. GeoAI (географиядағы жасанды интеллект) және үлкен геокеңістіктік деректер
5. Табиғи қауіп-қатерлерді қашықтан зондтау

КОНФЕРЕНЦИЯ ФОРМАТЫ

Бағдарламада шақырылған спикерлердің пленарлық баяндамалары, параллель тақырыптық секциялар, арнайы симпозиумдар мен техникалық тренингтер, постерлік сессиялар, сондай-ақ көшпелі далалық экскурсия қарастырылған.

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

Күні	Іс-шаралар
26 маусым 2026 ж.	Қонақтардың келуі
27 маусым 2026 ж.	Ашылу салтанаты / Пленарлық баяндамалар Ғылыми секциялар
28 маусым 2026 ж.	Симпозиум / техникалық тренингтер Экскурсия
29 маусым 2026 ж.	Қатысушылардың қайтуы

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

Ұйымдастырушы:

- Қытай–Қазақстан бірлескен қашықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану зертханасы

Ұйымдастырушы ұйымдар:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
- Қытай Ғылым академиясының (ҚҒА) Синьцзян экология және география институты

Қосымша ұйымдастырушылар:

- География және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы
- Қытай Ғылым академиясының (ҚҒА) Орталық Азия экологиясы мен қоршаған ортаны зерттеу ғылыми-зерттеу орталығы (Алматы)

ҚАТЫСУШЫЛАР

Конференцияға қашықтықтан зондтау және ГАЖ, экология және қоршаған ортаны қорғау, жер ресурстарын басқару және геокеңістіктік жасанды интеллект салаларында жұмыс істейтін Қытай, Орталық Азия елдерінен және басқа да мемлекеттерден қызығушылық танытқан ғалымдар, мамандар, докторанттар, магистранттар мен әкімшілік қызметкерлер қатыса алады.

ТІРКЕЛУ

Қатысушылар тіркеу формасын (1-қосымша) толтырып, **2026 жылдың 31 наурызына** дейін Ұйымдастыру комитетіне жолдауы қажет. Конференцияға тіркеу жарнасын қатысушылар жұмыстың қабылданғаны туралы хабарлама алғаннан кейін төлеуі қажет. Тіркеу жарналары туралы ақпарат **екінші ақпараттық хабарламада** және іс-шараның geo-ca2026.com ресми сайтында жарияланады.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТІЛІ

Конференцияның ресми жұмыс тілі – **ағылшын тілі**.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Қазақстандық тарап:

Сәнім Бисенбаева

E-mail: bysenbaeva.sanym1@kaznu.kz,
djusali@mail.ru

тел.: +7 702 336 4092

Қытай тарапы:

Донг Тонг

E-mail: dongtong@ms.xjb.ac.cn

тел.: +86-181-4640-2177

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Іс-шараның өткізілу орны, тезистерді ұсыну тәртібі, тіркеу жарналары, көлік пен орналастыру туралы толық ақпарат geo-ca2026.com конференция сайтында жарияланады. Ұйымдастыру комитеті мамандар мен зерттеушілерді белсенді қатысуға шақырады.

КОНФЕРЕНЦИЯҒА ТІРКЕЛУ ФОРМАСЫ

**Қытай–Қазақстан бірлескен қашықтан зондтау технологиялары
және оларды қолдану зертханасының
2026 – ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ және
Қашықтан зондтау технологиялары мен оларды қолдану бойынша
«Орталық Азия — Қытай» І симпозиумы**

2026 жылғы 26–29 маусым
(RST&A, Алматы қаласы, Қазақстан)

Қаратпа (мырза / ханым):	
Аты:	
Тегі:	
Ұйымы / мекемесі:	
Ғылыми дәрежесі / лауазымы:	
Мемлекет:	
Телефон нөмірі (мессенджерлердің біріне тіркелген ұялы телефон нөмірі болғаны жөн):	
E-mail:	
Қатысушы санаты:	☐ Қатысушы ☐ Студент/ Магистрант/Докторант
Баяндама түрі:	☐ Ауызша баяндама ☐ Постерлік (стендтік) ☐ Тыңдаушы
Таңдалған секция:	
Баяндама тақырыбы (бар болса):	
Ресми шақыру қажет пе:	☐ Иә ☐ Жоқ
Экскурсияға қатысу:	☐ Иә ☐ Жоқ
Ресми өтініш жібергіңіз келе ме? Олай болса, тақырыпты көрсетіңіз.	

МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тезистерді ұсыну

Авторларға ауызша немесе стендтік (постерлік) баяндамаларға арналған тезистерді жіберу қажет.

Көлемі: 300–500 сөз (атауы мен мекемелік деректерді қоспағанда)

Файл форматы: DOC / DOCX

Тезистер келесі элементтерді қамтуы керек:

- мақсаттылығы (ақтылығы) және зерттеу мақсаты;
- деректер мен әдістер;
- негізгі нәтижелер;
- ғылыми немесе практикалық маңыздылығы

Структура:

- Баяндама тақырыбы
- Автор(лар) және ұйым(дар)
- Хат алмасу үшін автордың E-mail мекенжайы
- Тезистер мәтіні
- 3–5 негізгі сөз

Жұмыстың мазмұнына жауапкершілік авторға жүктеледі.

Постерге қойылатын талаптар

Өлшемі: A0 (портреттік/тік бағыт)

Тілі: Ағылшын

Ұсынылатын мазмұны:

- кіріспе және мақсат
- деректер мен әдістер
- нәтижелер және қорытындылар

Безендіруге қойылатын талаптар

- Негізгі мәтіннің минималды өлшемі: 24 pt
- Тақырып өлшемі: кемінде 48 pt
- Суреттер мен карталар айқын және оңай оқылатын болуы керек
- Постердің PDF-нұсқасы конференция басталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын ұсынылуы тиіс

Маңызды ескертпелер

- Әр қатысушы ең көп дегенде екі тезис ұсына алады, бірақ баяндаушы рөлінде тек бір тезисте ғана қатыса алады.
- Толық талаптар **2-қосымшада берілген: «Тезистер мен постерлерді дайындау нұсқаулығы».**

Тезистерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 31 наурыз.

Конференция аяқталғаннан кейін жұмыстар электрондық тезистер жинағы түрінде жарияланып, қатысушыларға жіберіледі.